

Шекарадағы шиеленіс тағы өршиді

5-бет

Битум ташымығын қалай реттейміз?

6-бет

Экспортшы кеніштер тойдыра ма, тондыра ма?

7-бет

# EGEMEN QAZAQSTAN

№178 (30407) 19 ҚЫРКҮЙЕК, ДҮЙСЕНБІ 2022 ЖЫЛ

Жүз жылдық жыйнама

www.egemen.kz

E-mail: info@egemen.kz

FACEBOOK.COM/EGEMENKZ

TWITTER.COM/EGEMENKZ

## Шанхай ұйымының халықаралық беделі

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев аталған ынтымақтастық ұйымының кезекті саммитіне қатысты.

Мемлекет басшысы Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёевке қоңақжайлығы мен Самарқандағы ШЫҰ-ның кезекті саммитін жоғары деңгейде ұйымдастырғаны үшін алғыс айтты.

Қазақстан Президенті ШЫҰ өзінің әмбебаптығы мен өзара ынтымағының арқасында қазіргі заманның ең өзекті мәселелерін шешуге елеулі үлес қоса алады және қосуға тиіс деп есептейді.

Мемлекет басшысы шағын құрамдағы отырыста ШЫҰ қызметінің қазіргі кезеңдегі басым бағыттары туралы көзқарасын білдірді.

Сондай-ақ кездесуде Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёев, Үндістан Премьер-министрі Нарендра Моді, Қытай Төрағасы Си Цзиньпин, Қырғызстан Президенті Садыр Жапаров, Пәкістан Премьер-министрі Шахбаз Шариф, Ресей Президенті Владимир Путин және Тәжікстан Президенті Эмомали Рахмон сөз сөйледі.

Содан кейін Мемлекет басшысы



Қасым-Жомарт Тоқаев ШЫҰ-ға мүше мемлекеттер басшылары кеңесінің кеңейтілген құрамдағы отырысына қатысып, сөз сөйледі.

Қазақстан Президенті өз сөзінде Шанхай ынтымақтастық ұйымын дамытудың басым бағыттарына тоқталды.

«Ең алдымен, Ұлы Жібек жолының інжу-маржаны ежелгі Самарқанд қаласында ШЫҰ Саммитін жоғары дең-

гейде ұйымдастырғаны және жылы шыраймен қарсы алғаны үшін Өзбекстан Президенті Шавкат Миромонович Мирзиёевке алғыс айтқым келеді.

Шанхай ынтымақтастық ұйымының құрамы тұрақты түрде кеңейіп келеді. Бұл – біздің Ұйымның халықаралық беделі мен ықпалының өсіп келе жатқанының айқын дәлелі.

Бүгінде әлем санкциялық қысым

әдістері, негізгі жаһандық мәселелерді шешуде кереғар тәсілдер алдыңғы қатарға шыққан күрделі халықаралық жағдайдың шиеленіскен қауіпті кезеңіне қадам басты.

Өзара сенімнің жетіспеушілігі қазіргі заманның басты ерекшелігіне айналды.

Осындай жағдайларда өзара сенімге, тең және ашық диалогке негізделген бірегей «Шанхай рухын» нығайту аса маңызды», деді Қ.Тоқаев.

Келесі кезекте Қазақстан Президенті Мемлекет басшыларының алдында ШЫҰ әлеуетін толық пайдалану міндеті тұрғанын атап көрсетті. «Ұйым қызметінің тиімділігін арттыру және әртүрлі саладағы көпжақты ынтымақтастықты дамыту барлық қатысушы мемлекеттің мүддесіне сай келеді.

Ұйым қызметін одан әрі жетілдіріп, ШЫҰ кеңістігінде және одан тыс жерлерде негізгі үрдістерді болжау ісін күшейту маңызды.

ШЫҰ қызметі оның жарғылық құжаттарында көрсетілген негізгі қағидалардың өзектілігін айқындайды. Олар: экстремизм, терроризм, сепаратизм секілді «үш зұлымдыққа» қарсы күрес, мемлекеттердің егемендігі мен территориялық тұтастығын қорғау, ішкі істерге араласпау.

«Ұйымның негізгі міндеті аймақтық

қауіпсіздікті нығайту болып қала береді.

Аталған өзекті салада бірлесіп қызмет етуді көздейтін бұрын қабылданған құжаттарды іске асыруды жалғастыру қажет. Сондықтан қорғаныс ведомстволары мен арнайы қызметтер арасында әскери-саяси ынтымақтастықты арттыруды ұсынамын», деді Қазақстан басшысы.

Осы ретте Қ.Тоқаев ШЫҰ-ның Орталық Азия өңірлік ақпараттық үйлестіру орталығымен арадағы қатынастарды нығайту маңызды рөл атқаратынына назар аударды.

«Ұйымның ақпараттық кеңістігін қорғау инфрақұрылымын құру үшін киберқылмыспен күрес мәселелерінің өзектілігі арта түседі.

Біз ШЫҰ-ны жаһандық экономикалық платформаға айналдыруымыз керек. Біздің ұйым адами, ресурстық және технологиялық әлеуеті бар әлемнің қарқынды дамып келе жатқан экономикасын біріктіреді.

Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттердің үлесі әлемдік жалпы ішкі өнімнің шамамен төрттен бірін құрайды, яғни 23 триллион доллардан асады.

(Соңы 2-бетте)

## Сауда серіктестігі артады



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Пәкістан Премьер-министрі Шахбаз Шарифпен кездесті.

Қасым-Жомарт Тоқаев Шахбаз Шарифке ілтипат білдіре отырып, жуырда Пәкістанда болған жойқын су тасқыны салдарынан көптеген адамның қаза

болуына және оның елге айтарлықтай зардабын тигізуіне байланысты тағы да көңіл айтты. Мемлекет басшысы Қазақстанның достас Пәкістан халқына

шынайы тілеулістігінің белгісі ретінде табиғи апаттан зардап шеккендерге гуманитарлық көмек көрсеткенін және бұл елді алдағы уақытта да қолдауға дайын екенін нақтылады.

Мемлекет басшысы екі ел берік серіктестік пен мазмұнды саяси диалог орнатып, сауда-экономикалық және көлік-логистикалық байланыстарды нығайту үшін белсенді жұмыс істеп жатқанына тоқталды.

Өз кезегінде Шахбаз Шариф қиынқыстау жағдайда еліне қолдау көрсеткені үшін Қазақстан Президентіне зор ризашылығын білдірді. Пәкістан Премьер-министрі жойқын су тасқыны климаттың өзгеруі салдарынан болып отырғанын айтты.

Ол Қазақстан мен Пәкістан арасындағы көпжақты ынтымақтастықты нығайтуға дайын екенін, сондай-ақ екі елдің сауда-экономикалық серіктестігін арттыруға ықпал ететінін жеткізді.

Сонымен қатар кездесуде өңірлік қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері көтерілді.

## Тегеранмен тең байланыс



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Самарқанд қаласында өтіп жатқан Шанхай ынтымақтастық ұйымының саммиті аясында Иран Ислам Республикасының Президенті Ибраһим Раисимен кездесу өткізді.

Кездесуде Қазақстан Президенті биыл маусым айында өзінің Тегеранға жасаған сапарын ықыласпен еске алып, қол жеткізген уағдаластықтарды

жүзеге асыру үшін Үкіметке тиісті тапсырмалар берілгенін атап өтті.

(Соңы 2-бетте)

### РЕСМИ

#### ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ

##### Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

1-бап. 1995 жылғы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясына мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

1. 2-бапта:

1) 3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Республиканың әкімшілік-аумақтық құрылысы, оның елордасының мәртебесі заңмен белгіленеді. Қазақстанның елордасы Астана қаласы болып табылады.»

2) 3-1-тармақтағы «Нұр-Сұлтан» деген сөз «Астана» деген сөзбен ауыстырылсын.

2. 41-баптың 1-тармағындағы «бес» деген сөз «жеті» деген сөзбен ауыстырылсын.

3. 42-баптың 5-тармағындағы «қатарынан екі реттен» деген сөздер «бір реттен» деген сөздермен ауыстырылсын.

4. 71-баптың 1-тармағында:

1) бірінші бөліктегі «алты» деген сөз «сегіз» деген сөзбен ауыстырылсын;

2) екінші бөліктегі «қатарынан екі реттен» деген сөздер «бір реттен» деген сөздермен ауыстырылсын.

5. 91-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Конституцияда белгіленген мемлекеттің тәуелсіздігі, Республиканың біртұтастығы мен аумақтық тұтастығы, оны басқару нысаны, Республика қызметінің түбегейлі принциптері, Республика Президенті жеті жыл мерзімге сайланады және бір адам бір реттен артық Республика Президенті болып сайлана алмайды деген ережелер өзгермейді.»

6. Мынадай мазмұндағы 94-2-бапмен толықтырылсын:

«94-2-бап

Конституцияның 42-бабы 5-тармағының ережесі Конституцияның осы нормасы күшіне енгеннен кейін өткізілетін президенттік сайлау қорытындысы бойынша Республика Президенті болып сайланған адамдарға қолданылатын болады.»

2-бап. Осы Заң алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.ТОҚАЕВ

Нұр-Сұлтан, Ақорда, 2022 жылғы 17 қыркүйек № 142-VII ҚРЗ

#### ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАРЛЫҒЫ

##### Қазақстан Республикасының елордасы – Нұр-Сұлтан қаласының атауын Қазақстан Республикасының елордасы – Астана қаласы деп өзгерту туралы

«Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Қазақстан Республикасының елордасы – Нұр-Сұлтан қаласының атауын Қазақстан Республикасының елордасы – Астана қаласы деп өзгертілсін.

2. Осы Жарлық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.ТОҚАЕВ

Нұр-Сұлтан, Ақорда, 2022 жылғы 17 қыркүйек № 1017

## Нью-Йоркке барады

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Нью-Йоркке жұмыс сапарымен барады. Мемлекет басшысы сапарының бағдарламасы тығыз. Жұмыс сапары кезінде Президент БҰҰ Бас Ассамблеясының 77-сессиясының Жалпы дебатына қатысады.

Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаев мемлекеттер мен халықаралық ұйымдардың басшыларымен, АҚШ-тың ірі қаржы институттарының

және трансұлттық компаниялардың жетекшілерімен, сарапшылар тобының өкілдерімен бірқатар екіжақты кездесу өткізеді деп жоюпарланып отыр.

## Президенттің қолдауы

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев кәсіпқой бокстан екінші орта салмақтағы абсолютті әлем чемпионы атағы үшін мексикалық Сауль Канело Альвареспен жекпе-жекке шыққан Геннадий Головкинге телефон шалып, оған қолдау көрсетті.

Президент Геннадий Головкин Қазақстанды әлемдік аренада танымал ету үшін зор үлес қосқанын атап өтті. «Сен жанкүйерлер үшін әлемдегі

және еліміздегі ең үздік ұлттық чемпион болдың және чемпион болып қала бересің. Біз сені мақтан тұтамыз!» деді Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев.